



Deepsea Challenge

Oyster, 50 мм, RLX титаны

Deepsea Challenge RLX
титаны жасалған Oyster
Perpetual Қара
керамикадан жасалған
Cerachrom безелінің
тегерігі және Oysterбілезігі.



КЕРАМИҚАЛЫҚ БЕЗЕЛЬ ЖӘНЕ ЛЮМИНЕСЦЕНТТІ
ДИСПЛЕЙ

Сүңгуірлердің аңызға айналған сағаты

Deepsea Challenge моделінің 60 минуттық етіп ойылған, бір бағытта айналмалы безелі сүңгуірлерге сүңгу уақытында және декомпрессиондық тоқтау кезінде уақытты дәл және қауіпсіз бақылауға мүмкіндік береді.

Ол Rolex компаниясы шығарған патенттелген қара Cerachrom безелінің дискімен жабдықталған, оның түсі ультракүлгін сәулелердің әсеріне ұшырамайды және іс жүзінде сызатқа төзімді керамикадан жасалған. Таңбаламасы платинаның жұқа қабатымен

PVD (Physical Vapor Deposition – металл буларын конденсациялау) технологиясы арқылы жабындалған. Минимализм стилінде жасалған циферблатта Chromalight ірі көрсеткіштері мен таңбалары ерекшеленеді, оған қараңғы кезде керемет көруге болатын ұзақ уақытқа жететін ашық көк жарық люминесцентті материалмен толтырылған.



ҚАНЫҚ ҚАРА ЦИФЕРБЛАТ

Су астында оқылу үшін

Циферблаттағы Chromalight люминесцентті индикациясы қараңғыда көру мүмкіншілігін жақсартатын инновацияны ұсынады, әрі бұл сүңгуірлер үшін маңызды функцияның бірі.

Сағат таңбалары қарапайым пішімдерден тұрады - үшбұрыштар, шеңберлер, тіктөртбұрыштар - және сағат пен минуттың кең тілдері су астында шатаспау үшін уақыт көрсеткішін тез әрі сенімді оқуға мүмкіндік береді.




RLX ТИТАНЫ

Өте жеңіл төзімділік

RLX титаны жеңілдігі, механикалық беріктігі және коррозияға төзімділігі үшін Rolex таңдаған 5-ші дәрежелі титан қорытпасы. Тұңғыық қысымына сезімтал болмаса да, Джеймс Кэмерон Мариана шұңқырында таққан эксперименталдық сағат 904L болаттан жасалғандықтан салмағына байланысты әлі де тозу беріктігіне қатысты қиындық туғызды.

Deersea Challenge корпусы мен білезігін жасауға RLX титанын пайдалану оның салмағын айтарлықтай жеңілдетті: сағатты жасауға шабыттандырған эксперименталды сағатқа қарағанда ол 30 пайызға жеңіл. Сондай-ақ тәж қорғағышын қоспағанда, сағатта

білезік пен корпустағы күңгірт әрленімде ерекше көрінетін өрнек бар. Құлақшалардың иілген профилін көрсету үшін үстіңгі жиектері қиғашталған және жылтыратылған.



OYSTER БІЛЕЗІГІ

Пішін мен функцияның алхимиясы

Инновациялық Rolex Glidelock және Fliplock ұзарту жүйелерін қолдану үшін құралдар қажет емес. RLX титанынан жасалған, Deepsea Challenge моделінің Oyster білезігі Fliplock ұзартылатын түйіні және Rolex Glidelock жүйесімен жабдықталған.

Осы екі ұзарту жүйесінің үйлесімі арқасында қалыңдығы 7 мм-ге дейінгі сүңгуір костюмінің үстінен сағатты тағу ыңғайлы.

Толығырақ техникалық деректер Deepsea

Сілтеме 126067

Модель корпусы

Түрі

Oyster, 50 мм, RLX титаны

Диаметрі

50 мм

Материал

RLX титаны

Бұрамалы бастиек

Бұрандалмалы, үш есе суға төзімді
Triplock жүйесі

Кристал

Дөңес, қалыңдығы 9,5 мм,
сызаттардың пайда болуына төзімді,
жақұтты

Суға төзімділік

Суға төзімділігі 11000 метрге / 36090
футқа дейін, гелиийдің шығару
клапаны

Механизм

Түрі

Perpetual, механикалық, автоматты
түрде құлағынан бұрау

Калибр

3230, Rolex өндіру зауыты

Қуат қоры

Шамамен 70 сағат

Білезік

Түрі

Oyster, үшқатарлы сом түйіндер

Білезік материалы

RLX титаны

Түймелік

Жиналмалы тоғамен Oysterlock қауіпсіздік түймелігі, Rolex Glidelock ұзарту жүйесімен. Ұзартылатын Fliplock түйіні

Циферблат

Түрі

Қою қара

Сертификаттау

Түрі

Дәлдігі жоғары хронометр
(механизмді корпусына орнатқаннан кейін COSC + Rolex сертификациясы)

Толығырақ ақпаратты Rolex.com сайтында зерттеңіз және біліңіз

**Сауда белгілері, қызмет көрсету
белгілері, сауда атаулары, дизайн және
авторлық құқық тәрізді барлық
зияткерлік меншік құқықтары
қорғалған.**

Бұл веб-сайттағы қандай да ақпаратты
жазбаша рұқсатсыз көшіруге болмайды.
Rolex кез келген уақытта осы веб-сайттағы
модельдерді өзгерту құқығын өзіне
қалдырады.

